

БЕКІТІЛДІ
Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университетінің
ғылыми кеңесі
« 8 » сәуір 2016 жылғы № 9

1 Жалпы ережелер

1. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (бұдан әрі - Университет) жанынан құрылған Исламтану бойынша Диссертациялық кеңесі туралы ережесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен (2012 жылғы 18 мамырдағы № 225, 2013 жылғы 4 мамырдағы № 172, 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 56 өзгерістер және толықтырулармен бірге) бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережесіне сәйкес әзірленді.

2. Исламтану бойынша Диссертациялық кеңесі (бұдан әрі - Диссертациялық кеңес) – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне (бұдан әрі - Комитет) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге ұсыныс беретін алқалы орган болып табылады.

3. Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау бойынша қабылданған шешімдердің сапасына, дұрыстығы мен негізділігіне жауап береді.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 316 бұйрығының 1-Қосымшасына сәйкес Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанынан құрылған Исламтану бойынша диссертациялық кеңес мына бағыттар бойынша құрылды:

- 6D021500 – Исламтану;
- 6D020600 – Дінтану.

5. Диссертациялық кеңес кеңестің төрағасынан, төраға орынбасарынан, ғалым хатшыдан және кеңес мүшелерінен тұрады. Диссертациялық кеңес құрамына кемінде 5 (бес) адам кіреді.

6. Диссертациялық кеңестің құрамына Университет ректоры, Комитеттің қызметкерлері мен сараптамалық кеңесінің мүшелері кірмейді.

7. Әрбір мамандық бойынша диссертациялық кеңес құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (Phd), бейіні бойынша докторы дәрежесі және тиісті зерттеу саласында кемінде 5 ғылыми мақаласы бар кемінде 3 (үш) маман қосылады.

8. Сонымен қатар диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 1/3 (үштен бірі) Университет штатындағы қызметкерлер, кемінде кемінде 1/3 (үштен бірі) – өзге жоғары оқу орындарының өкілдері, кемінде 1/3 (үштен бірі) – ғылыми немесе өзге де ұйымдардың өкілдері болуы тиіс.

9. Диссертациялық кеңестің құрамы Университеттің Ғылыми кеңесінің хаттамалық шешімімен бекітіледі. Диссертациялық кеңестің басқа қалада тұратын мүшелерінің іссапар шығындары Университет есебінен өтеледі.

10. Диссертациялық кеңесте қорғалған диссертациялық жұмыстар бойынша Комитеттің 2 (екі) теріс шешімі болған жағдайда Университеттің Ғылыми кеңесі диссертациялық кеңесті жаңа құрамда бекітеді.

11. Диссертациялық кеңес құрамы және қызметі туралы ақпарат Университеттің мына интернет сайтында орналастырылады: www.nmu.kz.

12. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін Диссертациялық кеңес осы ереженің **1-қосымшасына** сәйкес Комитетке жасалған жұмыстар туралы статистикалық есеп береді.

1. Диссертацияларды диссертациялық кеңеске қарау үшін қабылдау ережесі

1. Докторант білім алған жоғарғы оқу орны кафедраның және/ немесе зертханалардың (бөлімдер, орталықтар) кеңейтілген отырысында докторант диссертациясының талқылануын қамтамасыз етеді.

2. Кеңейтілген отырыстан 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі бар 2 (екі) маманға жолданады.

3. Кеңейтілген отырысқа кафедра және/немесе зертхана мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ мәнделс кафедралардың (зертханалардың, бөлімдердің, орталықтардың), ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысады.

4. Кафедра отырысында диссертацияны қарау және талқылау келесі тәртіппен жүргізіледі:

- 1) Кафедра отырысы төрағасының сөйлеуі (диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілердің бекітілген уақыты, докторантура бағдарламасы аясындағы докторанттың шетелдік тағылымдамасының уақыты мен орны туралы мәліметтер беріледі);
- 2) Докторанттың сөйлеуі;
- 3) Кафедра отырысына қатысушылардың сұрақтары мен докторанттың оларға жауаптары;
- 4) Ғылыми кеңесшілердің сөйлеуі (кеңесшілер болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірлерін кафедра (зертхана, бөлімдер, орталықтар) меңгерушісі оқиды);
- 5) Рецензенттердің сөйлеуі;
- 6) Рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауабы;
- 7) Кафедра отырысына қатысушылардың пікірталасы;
- 8) Шешім қабылдау (шешім қабылдау ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады).

5. Кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасынан көшірме жасалып, Университеттің проректоры арқылы бекітіледі.

6. Докторант Диссертациялық кеңеске мынадай **құжаттарды ұсынады:**

1) Диссертацияны қорғауға қабылдау туралы Диссертациялық кеңес төрағасының атына жазылған өтініш (**2-Қосымша**);

2) Берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы (CD-диск) 2 дана диссертация;

3) Қағаз және электронды түрде үш тілде жасалған диссертацияның аңдатпасы (қағаз, орыс, ағылшын тілдерінде, жалпы көлемі кемінде 1 (бір) баспа табақтағы бет);

4) Жұмыс орны бойынша куәландырылған (аудармасы нотариалды куәландырылған) отандық және шетелдік кеңесшілердің пікірлері;

5) Докторант білім алған жоғары оқу орны кафедрасының (диссертация орындалған орын бойынша) кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

6) Ғылыми еңбектерінің тізімі (диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7(жеті) ғылыми жарияланған еңбек), оның ішінде:

- уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш);
- Thomson Reuters компаниясының ғылыми журналдар базасының немесе Scopus деректер базасына кірген деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторлы халықаралық ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір);
- халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында кемінде 3 (үш), оның ішінде шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында кемінде 1(бір).

Жарияланған ғылыми еңбектердің тізімі (**3-қосымша**) үлгісі бойынша ресімделуі, докторант білім алған жоғары оқу орнының ғалым хатшысы қол қоюы тиіс.

Жарияланған ғылыми еңбектердің тізіміне жарияланымдардың көшірмелері енгізілуі қажет.

7) Докторант білім алған жоғары оқу орнындағы Ғылыми кеңес мәжілісінің диссертация тақырыптарын бекіту туралы хаттамасының көшірмесі, жоғары оқу орны ректорының ғылыми кеңесшілерді тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі;

8) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдарының және оның қосымшалараның нотариалды куәландырылған көшірмелері (докторант аты-жөнін ауыстырған болса, аты-жөнін ауыстырғаны туралы растайтын құжат ұсынылады);

9) Оқу орны бойынша жоғары оқу орны ректорының қолы қойылған транскрипттің көшірмесі;

10) Оқу орны бойынша расталған еңбек кітапшасының көшірмесі, суретімен бірге кадрларды есепке алу бойынша жеке парақ.

Диссертация мына тілдердің бірінде ұсынылады – қазақ, орыс немесе ағылшын тілдері.

7. Құжаттарды қабылдауды Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады, оларды кемінде 2 (екі) жұмыс күнінде тіркейді және Диссертациялық кеңеске ұсынады.

8. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша

кемінде 5 ғылыми мақаласы бар екі рецензентті тағайындайды. Олардың біреуі Университеттің немесе докторант оқыған ЖОО-ның қызметкері болмауы тиіс. Бұл ретте докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

9. Диссертациялық кеңес мүшелеріне (1/3-інен аспайтын) диссертацияны қорғауға қабылдау отырысына бейне-конференция нысанында қатысуға рұқсат етіледі.

10. Диссертациялық кеңес екі рецензентті тағайындау барысында бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады. Мыналар рецензент бола алмайды:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- 3) Диссертация орындалған және/немесе докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО бөлімшелерінің және ғылыми ұйымның (кафедралардың, зертханалардың, бөлімдердің, орталықтардың) басшылары және қызметкерлері.

Рецензенттің біреуін Диссертациялық кеңес құрамынан тағайындауға жол беріледі.

11. Диссертациялық кеңес докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы төмендегі ақпараттарды (мемлекеттік құпиялар бар материалдар мен диссертациялардан басқасын) Университеттің интернет-ресурсында жариялайды:

- 1) мекен-жайы, күні мен уақыты көрсетілген алдағы қорғау туралы хабарлама (**4-қосымша**) (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 2) диссертация (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын және диссертацияны қорғағаннан кейін 5 (бес) ай ішінде);
- 3) көлемі 1 (бір) баспа табақтан кем емес қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай қалғанда);
- 4) докторанттардың жарияланымдар тізімі (қорғау белгіленген күнге дейін 1 (бір) ай қалғанда);
- 5) қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қол жетімді болатын, ғылыми кеңесшілердің пікірлері (қорғау белгіленген күнге дейін 1 (бір) ай қалғанда);
- 6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күніне дейін 10 (он) жұмыс күні қалғанда);
- 7) қорғаудың бейне жазбасы (қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде);
- 8) Диссертациялық кеңестің есебі (күнгізбелік жыл аяқталғаннан кейін);
- 9) қорғаудың өткізілу күнінің, уақытының, орнының өзгергені туралы және рецензенттердің ауысқаны туралы хабарландыру (болған жағдайда).

12. Диссертацияны Университеттің интернет-ресурсында орналастыру барысында авторлық құқықтардың қорғалуы қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады.

13. Хабарландыруды тіркеу және интернет-ресурстарда орналастыруды Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады.

14. Сондай-ақ алда өтетін қорғау туралы хабарлама түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар материалдар мен диссертациялардан басқасы).

15. Диссертация Университеттің интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін диссертация мәтініне өзгертулер енгізуге жол берілмейді.

16. Университеттің интернет-ресурсында диссертацияның мазмұны бойынша бейресми пікірлер орналастыру, оларды одан әрі қорғауда ұсыну мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауға ұсынылмайды.

17. Құжаттарды қорғауға қабылдағаннан кейін (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай қалғанда) Диссертациялық кеңес диссертацияны докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын тексеру үшін «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ-на (бұдан әрі – ҰҒТАО) жібереді.

18. ҰҒТАО-дан аталған анықтаманы алумен байланысты шығындар төлемі докторантқа жүктеледі.

19. Егер ҰҒТАО-да докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғаны анықталған жағдайда Диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдайды.

20. Мемлекеттік құпиялары бар диссертацияларды, докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын тексеру ҰҒТАО-дан немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жоғары әскери, арнайы оқу орындары және/немесе ғылыми ұйымдарында комиссия түрінде жүргізіледі.

21. Диссертацияның қағаз және электронды тасымалдағыштағы данасы Университеттің кітапханасына беріледі.

22. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпиялары бар материалдар мен диссертациялардан басқа).

23. Рецензенттер диссертацияларды және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде Диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерін ұсынады. Онда:

- таңдалған тақырыптың өзектілігі;
- диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалардың, қорытындылар, ұсынымдар мен олардың практикалық құндылығы негіздемесінің дәрежесі мен жаңашылдығы және зерттеудің практикалық мәні;
- тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі.

23. Рецензенттерді қорғауға дейін кем дегенде 10 (он) жұмыс күні бұрын ауыстыруға болады. Егер рецензентті ауыстыру туралы шешім 10 (он) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданған жағдайда, қорғау күні ауыстырылады.

24. Рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертацияны қорғауға дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

25. Рецензенттердің пікірлері 20-тармақтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Диссертациялық кеңес пікірді 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей рецензентке қосымша қарау үшін қайтарып береді немесе рецензентті ауыстырады.

26. Сондай-ақ жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкіндігі болмаған жағдайда рецензенттерді ауыстыру жүзеге асырылады.

2. Диссертациялық кеңестің жұмыс істеу тәртібі

1. Диссертациялық кеңестің мәжілісі Диссертациялық кеңес төрағасының төрағалығымен жүргізіледі.

2. Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы бір мезгілде болмай қалған жағдайда диссертациялық кеңестің мәжілісі өткізілмейді.

3. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы диссертациясы қаралып отырған докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде өз міндеттерін атқара алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау Диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі.

4. Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының бейнежазбаға түсірілуін және стенограммамен рәсімделуін қамтамасыз етеді.

5. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі), диссертациялық кеңестің мүшелерінен отырысқа әр мамандық бойынша кемінде 3 (үш) маман міндетті түрде қатысқан жағдайда заңды болып саналады (келу парағы – 5-Қосымша).

6. Рецензенттердің бірі болмаған жағдайда (дәлелді себептер бойынша) оның пікірін ғалым хатшы оқиды.

7. Рецензенттерге Диссертациялық кеңестің қорғау бойынша мәжілісінде on-line режимінде бейне-конференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі.

8. Диссертацияларды қорғау ғылыми пікірталас сипатында болуы қажет. Бейнежазбаға түсіріледі, қорғау рәсімінің барлығы стенограммамен рәсімделеді.

9. Диссертациялық кеңестің мәжілісінде 1 (бір) диссертация қорғалады. 1 (бір) күн ішінде көп дегенде 2 (екі) мәжіліс өткізіледі.

10. Диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес мәжілісінің рәсімі мыналарды қамтиды:

- төрағаның кворум (келу парағының нәтижелеріне сәйкес), мәжілісті өткізудің құқықтылығы, докторанттарды, мамандықтар мен диссертация тақырыптарын таныстыру жайында кіріспе сөз жасайды;

- ғалым хатшы докторанттың құжаттарының нормативтік талаптарына сай келуі, ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігі туралы мәлімет береді;

- докторанттың баяндама жасауы (20 минутқа дейін);
- докторантқа сұрақ, докторанттың жауабы;
- ғылыми кеңесшілердің сөйлеуі (әрқайсысы 7 минуттан көп емес);
- рецензенттердің сөйлеуі;
- докторанттың рецензенттердің ескертулеріне жауабы және олардың ұсынысы бойынша тұжырымдары;

- Диссертациялық кеңес мүшелерінің пікірталасы;

- докторанттың қорытынды сөзі;

- төрағаны есептемегенде, Диссертациялық кеңес құрамынан есеп комиссиясына 3 адам сайлау;

- ғылыми дәрежені беруге ұсыныс жасау немесе аталған дәрежені беруден бас тарту мәселесі бойынша жасырын дауыс беруді жүргізу;

- есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөзі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;

- көпшілік алдындағы қорғау нәтижелерін хабарлау;

- Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғау бойынша шешім қабылдауы.

11. Диссертациялық кеңес докторантқа тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау немесе аталған дәрежені беруден бас тарту мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді.

12. Диссертациялық кеңестің шешімі, егер оған отырысқа қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3-і (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, оң қабылданды деп саналады. Егер оң шешімге мәжіліске қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3-нен (үштен екісінен) кемі дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

13. Теріс шешім қабылданған жағдайда Диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереже мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6951 болып тіркелген ғылыми дәрежелер беру ережесінің (бұдан әрі – Ереже) қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

14. Рецензенттердің, ғылыми консультанттардың пікірлерінің көшірмелері, төраға мен ғалым хатшы қол қойған диссертациялық кеңес мәжілісінің бейне жазбасы, стенограммасы мен қорытындысы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Комитетке жіберіледі.

15. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант Диссертациялық кеңесі шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді. Апелляция Университет ректорының атына беріледі.

16. Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Университет ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) маман кіреді. Комиссия құрамына ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, Диссертациялық кеңестің немесе Ереженің 12-17-тармақтарына сәйкес жұмыс істейтін Комитеттің Сараптау кеңесінің мүшелері кірмейді.

17. Комиссия өз қызметінде осы Ережені және Қағидаларды басшылыққа алады.

18. Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғау бойынша материалдарын қарастырады және ол құрылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

19. Комиссияның қорытындысын комиссия мүшелері ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылдайды және оған барлық комиссия мүшелері қол қояды. Комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда, Комиссия хаттамаларының көшірмелері, қорытынды және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі. Комиссияның қорытындысы оны қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

20. Диссертацияны қорғау қорытындысы бойынша Диссертациялық кеңес мына екі шешімнің бірін қабылдайды:

1) оң шешім қабылдаған жағдайда – докторантқа тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы Комитетке ұсыныс жасау;

2) теріс шешім қабылданған жағдайда – докторантқа тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту

3. Комитетке аттестациялық істі тапсыру тәртібі

1. Диссертацияны қорғау бойынша оң шешім қабылданған жағдайда кеңестің ғалым хатшысы құжаттардың белгіленген тізбесіне сәйкес докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды.

2. Аттестациялық іс Комитетке диссертация қорғалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жіберілуі тиіс.

3. Аталған ережені орындауға жеке жауапкершілік кеңестің ғалым хатшысына жүктеледі.

4. Докторанттың аттестациялық ісінде мына құжаттар тапсырылады:

- Диссертацияның ҰҒТАО-на жіберілген күні көрсетіліп, диссертациялық кеңес төрағасы қол қойған Университеттің бланкісінде ілеспе қолдаухаты;

- Берік түптелген және электрондық тасымалдағыштағы (CD-диск) диссертация;

- Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

- Қазақ және орыс тілдерінде диссертацияның тіркеу-есеп карточкасы (6-қосымша);

- Диссертацияның авторы мен дереккөзіне сілтеме жасамай бөтен материалды пайдаланғаны тексерілгені туралы ҰҒТАО-ның анықтамасы;

- Ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

- 2 (екі) рецензенттің пікірі;

- Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

- Төраға және ғалым хатшы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының бейнежазбасы мен стенограммасы;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, оларға қосымшалар (транскрипт көшірмелері);

- Докторантураның кәсіптік оқу бағдармаларын меңгергені туралы транскрипттің көшірмесі;

- Докторант туралы мәлімет (7-қосымша)

- Университеттің кадр қызметі растаған жеке іс парағы. (Осы тізім толық түрде 8-қосымшада)

5. Аттестациялық істің екінші данасы бір жыл бойы ғалым хатшыда сақталады, содан кейін Университеттің мұрағатына акт арқылы тапсырылады.

6. Комитетке жолданатын барлық қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде болуы тиіс.

7. Қорғау өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Алматы қ. ҰҒТАО-на мемлекеттік тіркеуге төмендегілер жіберіледі:

- қағаз және электрондық тасығыштарда түптелмеген күйіндегі диссертацияның бір данасы;

- ілеспе хат;

- қағаз және электрондық тасығыштарда үш тілдегі аннотацияның бір данасы;

- қағаз және электрондық тасығыштарда жарияланымдардың бір данасы;

- қағаз және электрондық тасығыштарда мемлекеттік және орыс тілдерінде диссертацияның есеп карточкасының үш данасы (7-Қосымша).

8. Қорғаудан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде:

- қағаз және электрондық тасығыштарда диссертацияның данасы Университеттің кітапханасына тапсырылады;

- электронды тасығыштардағы диссертацияның даналарын (мемлекеттік құпиялары бар диссертациядан басқасын) Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына тапсырады.

5. Қорытынды ережелер

1. Диссертациялық кеңестің жұмысына жалпы жауапкершілік Диссертациялық кеңесінің төрағасына жүктеледі.

2. Диссертациялық кеңес бойынша барлық құжаттар бір күнтізбелік жыл ішінде ғалым хатшыда сақталынады, одан кейін белгіленген тәртіпке сәйкес Университеттің мұрағатына тапсырылады.

44. Осы Ереже Университет ректорының бұйрығымен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Диссертациялық кеңес туралы Ережеге
1-қосымша

Диссертациялық кеңестің 20__ жалғы жұмысы туралы
ЕСЕБІ

(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

(кеңестің шифры)

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және
ғылым саласындағы бақылау комитетінің 20__ ж. «__» _____
№ _____ бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

_____ мамандығы бойынша;
_____ мамандығы бойынша;
_____ мамандығы бойынша;
_____ мамандығы бойынша;

диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер.
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
 - қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
 - диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағадрламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағадрламалармен байланысы;
 - қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау.

5. Рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

	Мамандық	Мамандық	Мамандық
Қараудан алынып тасталған диссертациялар			
Оның ішінде Диссертациялық кеңестің алып тастағандары			
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар			
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары			
Оның ішінде басқа оқу орындары			
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары			
Оның ішінде басқа оқу орындарынан			
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны			
Оның ішінде басқа оқу орындарынан			

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____

(Т.А.Ә.)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

(Т.А.Ә.)

Мөр

Күні, айы, жылы

Диссертациялық кеңес туралы Ережеге
2-Қосымша

«6D021500 – Исламтану» («6D020600 – Дінтану») мамандығы бойынша
Диссертациялық кеңестің төрағасына

(диссертациялық кеңестің шифры)

базасында

(Диссертациялық кеңес құрылған ұйым атауы)
кімнен

(тегі, аты, әкесінің аты)

Өтініш*

Менің _____ мамандығы
(мамандық шифры мен атауы)

бойынша _____ докторы дәрежесін алу үшін
(ғылым саласы)

(диссертацияның атауы)

тақырыбындағы диссертациямды қарауға және қорғауға қабылдауыңызды
өтінемін.

Жұмысты қорғау алғаш рет (қайта) жүргізіледі.

Менің жеке мәліметтерімді аттестациялық іске қосуға және олармен одан
әрі жұмыс істеуге келісімімді беремін. Арнайы жекке маған ескертілген
жағдайлардан өзге, қорғауға ұсынылатын деректер мен нәтижелер
түпнұсқалы болып табылатынын растаймын.

Күні, қолы

*Ізденушінің өтініші қолмен жазылады

Диссертациялық кеңес туралы ережеге

_____ докторанттың ғылыми және оқу-әдістемелік
еңбектерінің

ТІЗІМІ

_____ жоғары оқу орынның атауы

_____ Т.А.Ә.

№	Жарияланым түрі	Жарияланым атауы	Уәкілетті орган ұсынған тізімдегі журналдың немесе басылымның атауы (ҒЫЛЫМИ мақала үшін)	Журналдың импакт-факторы	Шығу мәліметтері
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					
10					

Ғалым хатшы _____

Ізденуші _____

Мөр

Аты, тегі, әкесінің аты _____
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде философия
докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін
_____ мамандығы бойынша
«_____»
Тақырыбында диссертацияны қорғау өтеді.

Диссертация «_____»
кафедрасы

_____ базасында орындалды.

Қорғау тілі: _____

Рецензенттер:

Ғылыми кеңесшілер:

—

Қорғау Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 73 мекенжайы бойынша 307-
аудиторияда 201_жылдың «_____», _____сағат _____ Нұр-Мұбарак Египет
ислам мәдениеті университеті жанынан құрылған Исламтану бойынша
Диссертациялық кеңесінде өтеді.

Сайттың мекенжайы: www.nmu.kz

Диссертациялық кеңес туралы ережеге
5-Қосымша

_____ Диссертациялық кеңес мүшелерінің
_____ мамандығы бойынша
(мамандықтың атауы)
_____ диссертация қорғайтын
(тегі, аты, әкесінің аты)
_____ кеңес мәжілісіне
(болатын күні, хаттаманың нөмірі)

Келу парағы

Тегі, аты, әкесінің аты	Ғылыми дәрежесі	Мәжіліске қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы _____ тегі, аты, әкесінің
аты

Ескертулер:

«Тегі, аты, әкесінің аты» графасында Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты басылып толтырылады.


ТІРКЕУ-ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (толық)			
Туылған жылы	Азаматтығы	Ұлты	Аттестациялық істің №
Диссертациялық кеңес	Шешім қабылданған күні, айы, жылы		Шешімнің №
Диссертация қорғалған ЖОО-ның атауы			
Дәрежені ізденуші		Мамандық атауы	
Дәреже берілді		Дипломның №	
Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор			

Ескерту:

1. Мәтін 148x105мм форматтағы тығыз ақшыл қағаздан жасалған карточкада басылады.
2. «Аттестациялық істің №» және «Дәреже берілді» деген бағандар Комитетте толтырылады.
3. Карточканың артқы жағында ізденушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қорғауда ұсынылады қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі және оның қолымен расталады.

Диссертациялық кеңес туралы ережеге
7-қосымша



Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты)

1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты	
2	Жоғары және жоғары оқудан кейінгі білімі туралы ақпарат (ЖОО және оқу мерзімі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні	
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі	
6	Ғылыми кеңесшілер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Комитет ұсынатын басылымдарда	
	Томсон Рейтер, Scopus базасындағы шетел басылымда	
	халықаралық конференция материалында, оның ішінде:	
	шетелдік конференция материалында	
9	Еңбек жолы	
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы
		Мекеменің мекен-жайы

10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(Т.А.Ә., қолы)

Мөр орны, күні

Ғылыми дәрежелер беру мәселесі бойынша Білім және ғылым
саласындағы бақылау комитетіне ұсынылатын
ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

- 1) диссертацияның Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына жіберілген күні көрсетіліп, Диссертациялық кеңес төрағасы қол қойған, Университеттің бланкісінде жазылған ілеспе қолдау хат;
- 2) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы (CD-диск) диссертация;
- 3) докторант оқыған жоғары оқу орнының ғалым хатшысы бекіткен ғылыми еңбектердің тізімі және жарияланымдардың көшірмелері;
- 4) 6-қосымшаға сәйкес докторанттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі есептік-тіркеу карточкасы;
- 5) диссертацияда докторанттың авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланғанын тексергені туралы Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының анықтамасы;
- 6) жұмыс орны бойынша куәландырылған ғылыми кеңесшілердің пікірлері (оның ішінде диссертация жазылған тілге аударылған шетелдік ғылыми кеңесші пікірінің нотариалды расталған аудармасы);
- 7) жұмыс орны бойынша куәландырылған 2 рецензенттің пікірлері;
- 8) Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы (5-қосымша);
- 9) Диссертациялық кеңестің төрағасы және ғалым хатшысы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес мәжілісінің стенограммасы;
- 10) Диссертациялық кеңес мәжілісінің бейнежазбасы;
- 11) жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім туралы дипломдарының нотариалды расталған көшірмелері және оларға қосымшалар (докторанттың аты-жөні ауысқан жағдайда аты-жөнін ауыстырғанын растайтын құжат ұсынылады);
- 12) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскрипттің көшірмесі;
- 13) докторант туралы мәлімет (7-қосымша);
- 14) докторанттың (2 карточка) және кеңестің (2 карточка) мекенжайы көрсетілген маркасы бар пошталық карточкалар. Карточканың сыртқы бетіне докторанттың тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ қандай ғылыми дәрежеге үміткер екені көрсетілдеі;
- 15) іске енгізілген құжаттардың тізімдемесі.
Құжаттардың қосымша тізімі:
- 16) Диссертациялық кеңес төрағасының бұрыштамасы бар докторанттың қорғауға қабылдау туралы өтініші;
- 17) оқу орны бойынша куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесі;

18) оқу (жұмыс) орны бойынша куәландырған фотокарточкасы бар кадрлар есебінің жеке іс-парағы;

19) Университет проректоры бекіткен, диссертацияны талқылау туралы кафедраның кеңейтілген мәжілісінің хаттамасынан көшірме.